

ald Lauren

«БАЛДӘУРЕН NEWS»

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР
ЖУРНАЛЫ

«DISCUSSION CLUB»

ЖАС СПИКЕРЛЕР МЕН ДЕБАТЕРЛАРДЫҢ
КЕЗДЕСУІ»

ald Lauren



"Discussion club"
жас спикерлер мен
дебатерлардың кездесуі

2 -АУЫСЫМ 2022 ЖЫЛ

ҚАПШАҒАЙ Қ.



ДЖАЛАЕВА Ляззат Ахимбековна
Қапшағай қаласы “Балдәурен”
РОСО кешен басшысы

«Патриотизм - жалынды жастардың қолында»

Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі мен білімділік деңгейі - қоғамның өркендеуінің басты өлшеміне айналып отырған жаңа ғасырда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызы артып келеді.

Біздің алдымызда тұрған басты міндет – тәуелсіз Қазақстанның әр жас жеткіншегінің жүрегінде Отанына, жеріне, еліне деген ыстық сезім, шынайы сүйіспеншілік ұялату.

Осы бағытта «Мәңгілік ел» жалпыхалықтық идеясы негізінде «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында 2016 жылы Қазақстандық жас патриоттар Академиясы құрылған болатын. Бүгінде академия мүшелерінің саны - 2750 баланы құрайды. Олар жалпы білім беру мекемелерімен колледж, университеттерде білім алып жатыр.

Осы алты жыл ішінде екі мыңнан аса бала Академия мүшелігіне қабылданып, жоспар бойынша өз деңгейлерінде өздері оқитын білім мекемелерінде жұмыс атқарып жатыр. Осы жұмыстардың қоғам үшін қаншылақты маңызды немесе тиімді екені сараланып, нәтижесі бағаланып отырады. Негізін қалағанына 6 жыл ғана толған Академия күні қарсаңында 2022 жылдың 21 ақпаны күні Қапшағай қаласы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы «Патриотизм жалынды жастардың қолында» атты онлайн басқосу өткізді. «Мәңгілік ел» жалпыхалықтық идеясы негізінде қазақстандық жас патриоттарды тәрбиелеу, рухани-адамгершілік, патриотизм бағытындағы атқарылған жұмыстарды насихаттау арқылы патриот балаларды қолдау мақсатында еліміздегі балалар үйі мен балалар ауылының патриот тәрбиеленушілері қатысты. Өз жұмыстарын ұсынып Академия мүшелігіне 8 бала қабылданды.

Болашақ үшін қам жесек баланы бүгіннен патриоттық сезім негізінде тәрбиелеуіміз керек, сонда ғана егеменді еліміздің көк байрағы көк аспанда мәңгілік желбіремек.

Ел бірлігі мен тұтастығына, Ұлы Даламыздағы өркениетті істерге қосар үлестеріңіз мол болсын!



ХАДЖИМУХАНОВА Жарқынай Биболатқызы
Қапшағай қаласы «Балдәурен» РОСО кешен
басшысының оқу мен тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары

Пікірталас – жаңа идеялар мен көшбасшылықтың бастауы

Қазіргі әлемде ең құнды ресурс – адам. Кез келген қызмет саласында бәсекеге қабілетті болу – өмірлік қажеттілік болғандықтан, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов барлық оқу орындарда пікірсайыс қозғалысының жандануы мен мектептегі өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысын дамыту қажеттігі туралы айтқан болатын.

Пікірталас жүргізудің маңыздылығы - қазіргі әлемдегі бәсекелестікке бейім, өз заманына сай қоғамда өз орнын таба білетін, дербес таңдау жасауға дайын, кез келген ортада жұртпен бірге жұмыс істеп, көпшілікті игі істерге жұмылдыра алатын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. Пікірталас барысында әр бала қарым-қатынастағы олқылықтарын жоюға ұмтылады және сыни тұрғыдан ойлау, зерттеушілік, төзімділік, шығармашылық, көпшілік алдында сөйлеу, көшбасшылық сияқты маңызды қасиеттері мен өз көзқарасын төзімділікпен жеткізе білу дағдыларын қалыптастырады.

Республикалық «Балдаурен» оқу-сауықтыру орталығында екінші ауысым - «Discussion club» жас спикерлер мен дебатарлердің ауысымы. Орталығымыздағы дебат клубы пікірсайыс қозғалысын дамыту үшін барлық деңгейде дебаттарды дамыту жолында іс-шаралар жоспарын әзірлеп, күн сайын жүйелі, ауқымды түрде жұмыстар жүргізуде.

Атап айтатын болсақ, «30 жылдағы Қазақстан» тақырыбындағы дебаттық турнир әсерлі өтті. Тіпті қатысушы оқушылардың көптігі мен белсенділігі дебаттық турнирлерге іріктеуде қиындық туғызды. Дебат барысында командалар тақырып аясында берілген уақытқа сай өз ұстанымдарын дәлелмен қорғап, финалға шығу қабілеттерін, қызығушылықтарын, ынтасын, қарым-қатынас мәдениетін көрсете білді. Көрермендерге дебатерлердің ақпаратты талдауы, шебер сөйлеуімен қатар жаңа көзқарастарын ашық айтқандары ұнады.

Орталығымызда қонақ болған Талдықорған қаласынан келген жас ұстаз, республикалық «Дарынды балаға – талантты ұстаз» байқауының жеңімпазы Ераділова Айдана «TEDx құпиялары» атты семинарында жастармен креативті ойларымен бөлісті. Нәтижесінде жас ұстаздар мен ұйымдастырушы ұстаздардан құрылған «TEDx BALDAUREN» жобасының жетекшілері пікірсайыс қозғалысын дамыту үшін өзара семинар-тренингтер ұйымдастырып, қойылған мәселелер мен алдағы перспективаларды талқылап, жұмыс бағыттарын анықтады.

TEDx-тің қазақша баламасы - технология, көңіл көтеру және дизайн. Осы сөздердің аясында жаңа идеялар айтылатын конференция деген сөз. Ал «x» деген TED-тің форматында өткізілетін тәуелсіз іс-шаралар дегенді білдіреді. TEDx әлемдегі ғылыми жаңалықтарды насихаттауға арналған ғылыми конференция болғандықтан, таратуға тұрарлық идеялармен қатар дүниежүзілік коммуникацияны және сол идеяларды таратуды ынталандыру керек. Осы жұмыстардың нәтижесінде ұстаздар мен ұйымдастырушы ұстаздардың өткізген алғашқы «TEDx BALDAUREN» конференциясы қатысушылар мен көрермендерге ұнады. Әсіресе қатысушыларға ұнағаны - еркін тақырып таңдауы. «Маған бәрібір», «Робот дәрігер», «Зона комфорта», «Жастардың жаңа менталитеті», «Үздік оқушы синдромы», орыс тіліндегі «Цикл злости», «Как избежать конфликта?», «Школа убивает креативность детей», «Центр помощи и адаптации неопределившихся в жизни подростков», «Какие предметы внести в школьную программу?» сияқты тақырыптар арқылы балалар бүгінгі жастардың өткір де өзекті әлеуметтік мәселелерін қозғап, сыни көзқарастарын белсенді түрде жеткізе білді.

Қазіргі кезде балалар арасында пікірталас өнерін қалыптастыратындай ахуал туғызуымызды түсінуіміз керек. «TEDx BALDAUREN» конференциясына қатысқан баланың саналы, салмақты шешімдер қабылдауына алғашқы қадамы болуы мүмкін. Өйткені, жасөспірімдердің сөздерінен қаншалықты терең әрі сапалы ойлайтынын, қазіргі таңда біздің қалай өмір сүретінімізді, болашақта еліміздің өсіп келе жатқан ұрпақпен қалай дамитынын көруге болады. Осындағы іс-шараларға белсене қатысқан оқушылар өз ауылдарында, өз мектептерінде дебаттарды жандандырып, осы жаңа форматағы «TEDx» жобасын жалғастырады деп сенемін.

Ендігі кезеңде балалардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына бағытталған жобаларды қолдай отырып, әр ауысымда TEDx форматта дөңгелек үстел, немесе конференция, тренингтерді жалғастыруды жоспарлаудамыз.

Елімізде мемлекетіміздің болашағы ретінде балаларға көп көңіл бөлінуде. «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Сол себепті келесі жылды «Балалар жылы» деп жариялау керек деп есептеймін». «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деген Президентіміздің сөзін басшылыққа ала отырып, осындай жаңа бағыттағы іс-шаралардың білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі ретінде заманауи оқушы, болашақ бәсекеге қабілетті азаматын тәрбилеудегі рөлі үлкен деп санаймын.

Өмір бізге бірден шеше алмайтын міндеттерді қояды, бірақ жолды жүрген адам игереді. Пікірталас өнерін меңгеру, толеранттылықты дамыту және басқа біреудің көзқарасын құрметтеу сияқты қасиеттерді жеткіншектердің санасына құю – біздің міндетіміз.

«Құндылық минуты» жобасы

Оразова Назерке Сейітжанқызы
 Қапшағай қаласы, «Балдәурен» РСО
 Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Адам бар жерде құндылықтар қатар жүреді. Ол адамға ғана емес, оны қоршаған ортаға да тікелей байланысты. Құндылық – әлдебір дүниенің маңыздылығын аңғартатын сипаты іспетті. Ол әр затқа табиғатынан тиесілі емес. Әр адамның таным-түсінігіне, көзқарасына байланысты әртүрлі сипатта болады. Қоғамда «рухани құндылықтар», «материалдық құндылықтар», «мәңгілік құндылықтар» сынды ұғымдар қалыптасқан.

Құндылықтар әр адамның таным-түсінігіне, көзқарасына байланысты әртүрлі сипатта болып, әр заманның өз құндылықтары болады. Осындай құндылықтарымыздың маңызын жоғалтпай, келер ұрпаққа тәлім-тәрбие болсын, елін, жерін сүйетін ұрпақ болсын, нағыз патриот болып өссін деген ниетпен, мақсатпен орталығымызда алғаш рет «Құндылық минуты» жобасы қолға алынған болатын. Бұл жоба Қапшағай қаласындағы Балдәурен орталығында алғашқы рет жүзеге асуда. Жобаның авторы орталығымыздың директоры- Джалаева Ләззат Ахимбековна. Осы жоба бойынша орталықтың барлық ұстаздары өздерінің әдістемелік нұсқаулықтарын жасап, ережеге сай жұмыс жасауда. Бұл жобаның негізгі мақсаты – халқымыздың тарихи-мәдени және рухани мұраларын келешек жастарға кеңінен насихаттау болып табылады. Бұл жобаның негізгі тақырыптары «Мәңгілік ел» жалпыхалықтық идеясында көрініс тапқан жеті құндылық:

- Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы;
- Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім;
- Зайырлы қоғам және жоғары руханият;
- Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім;
- Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы;
- Тарихтың, мәдениет пен тілдің орталығы;
- Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге Жаһандық тұрғыдан қатысуы. Сондай-ақ, Рухани жаңғыру бағдарламасының алты бағыты, яғни,



- Бәсекелік қабілет;
- Прагматизм;
- Ұлттық бірегейлікті сақтау;
- Білімнің салтанат құруы;
- Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
- Сананың ашықтығы.

Осы тақырыптардың әрқайсына әдістемелік нұсқаулықтар жасалып, толыққанды өңдеуден өтіп, қазіргі таңда іс жүзінде жүзеге асып жатыр. Қазіргі уақытта осы жоба сынамадан өтуде.

Орталығымызға келген әр бала көңіл көтеріп, демалумен қатар мектепте осы құндылықтармен танысып, өзіне пайдалы мәлімет алады деген сенімдеміз.



«Discussion club»

ТОП ВИЗИТКАСЫН ҚОРҒАУ КЕШІ

Балалардың демалыс барысында көптеген байқау түрлері ұйымдастырылады. Сол байқаудың алғашқысы - визитка қорғау кеші, балалар топ болып өнер көрсетіп, сайысқа түседі. Визитка қорғау кешінің негізгі мақсаты балалар арасындағы арасындағы ұйымшылдықты, достықты нығайту, сахна мәдениетін үйрету және өнерге деген қызығушылығын арттыру. Визитка қорғау кешінде балалар сахнада амандасу, топтың аты, ұран, санамақ және топтың әнімен таныстырулары тиіс. Қосымша ретінде киім үлгісі, шығу, сахнада орналасу мен ерекшеліктері ескеріледі. Әділ – қазылар алқалары басты назарды топтың бірегейлігіне, ерекшелігіне, сөздің мағынасына, креативтілікке басты назар аударып, жеңімпаздарды анықтайды. Жеңген топ мадақтама және кубокпен марапатталса, ұйымдастырушы – ұстаздар медальмен марапатталатын болады. Визитка қорғау кеші алғашқы сайыс болғаннан кейін балалардың ойында ұзақ уақыт сақталатын болады, соған байланысты көп дайындық пен идеялар ойластырылады. Дайындық барысындағы қызықты оқиғалар да балалар үшін көңілді естелік. 2-ауысымның жеңімпаздары үлкен топтар арасында «Абсолютты чемпиондар» атты 9-топ, ұйымдастырушы – ұстазы Сейітқали Мейірім, кіші топтар арасында «Фактор» атты 4-топ, ұйымдастырушы – ұстазы Сүлеймен Олжас. Байқау өте қызықты әрі әсерлі болды, балаларға қатты ұнады.



2022 жылдың 2-ауысым президентіне үміткерлермен танысу

Орталықтағы балалар өнерлі, қолдарынан көп зат келетін белсенді болып келеді. Сол балалардың арасынан ең белсенді, тапқыр, зерек балалар таңдалып «Өзін-өз басқару ұйымы» құрылады. Ұйым құрылымы бойынша президент, премьер-министр және министрлерден құралады. Ұйымның мақсаты балалар демалысының қызықты өтуіне ықпал жасай отырып, балалар тәртібін, тыныштықты, тазалық сақтауға және ұйымдастырушы- ұстаздарға көмектесу.



Таңдалған үміткерлер өте белсенді, алғыр, білімді, тәртіпті болды. Ұйымға топтың ішінен белсенділігі және алғырлығын көрсете алған балалар іріктелініп алынды. Дауыс беру алдында үміткерлермен өздерінің ауысым барысындағы жоспарларымен таныстырып өтті. Танысу аяқталғаннан кейін жасырын түрде дауыс беру болады. Дауыс беруші балалар өз тобындағы үміткерге дауыс бере алмайды. Дауысты көп жинаған үміткер президент, дауыс бойынша екінші орындағы бала премьер-министр, қалған үміткерлер министр болып танылады. Ауысым президенті ауысымның ашылу салтанатында анықталып марапатталады. Осы ауысымның «Өзін-өзі басқару» ұйымының жетекшісі Мажит Абдимажит болды. «Өзін – өзі басқару» ұйымына жақсы жұмыс көрсетіп, жақсы демалыс ұйымдастырады деген сенімдеміз.

2022 жылдың 2-ауысымының ашылу салтанаты

Ауысымның ашылу салтанаты әр ауысымда дәстүрлі түрде өткізілетін ресми іс-шара.



Ауысым жас спикерлер мен дебатерларға арналғандықтан салтанатты ашылуы рәсімі сахналандырылған әдемі қойылыммен басталып, құттықтау сөз Қапшағай қ. «Балдәурен» РОСО кешен

басшысы Джалаева Ляззат Ахимбековнаға берілді. Ляззат Ахимбековна балдәурендіктерді ауысымның ашылуымен құттықтап, ертең ел тізгініне ие болар жеткіншектеріміздің ғаламдық өркениеттен қалып қоймай, білімді, тәрбиелі, жан - жақты болып қалыптасуына тілек білдірді.

Әдеттегідей салтанатты жиында 2 ауысым президенті сайланды. Дауыс жинау қорытындысы бойынша 9 - топ қатысушысы Түркістан облысынан келген демалушы Рахымжан Әбілбек ауысым Президенті атанды.



«Жастар Style» ұйымдастырушы – ұстаздармен танысу кеші



«Жастар» педагогикалық тобы орталықтың жүрегі, балалардың 20 күндік демалысы барысындағы ең жақын жандары болып табылады. Балалармен күніне 24 сағат бойы жандарында болып, олардың

демалыс күндерін қызықты ететін адамдар. Дәл «Жастар» тобы балалар есінде ұзақ уақытта сақталып қалады. Балалардың демалысының жақсы өтуі балалар мен ұйымдастырушы – ұстаздардың белсенді әрекеттеріне байланыс. Ұйымдастырушы – ұстаздарының өнерлерін көру балалар үшін өте қызықты болып табылады. Сол себепті «Жастар» тобымен танысу кешінде балалар асыға күтеді. Кеш барысында балалар ұйымдастырушы – ұстаздарын жаңа қырынан көріп, қоларынан келетін өнерлерімен таныс болады. Әр ауысым сайын ұйымдастырушы – ұстаздармен танысу кеші өте көңіл, қызықты, ерекше болып өткізіледі. Кеш кішігірім қойылыммен басталды, әрі қарай көңілді билер, ырғақты ән, ерекше өнерлермен жалғасты. Концерт барысында ұйымдастырушы – ұстаздардың сахнада беріліп ойнау, ал балалардың ағай – апайларын қолдауы бір – бірлеріне деген махаббаттын белгісі болып табылады. «Жастар» тобына сәттілік, балаларға жақсы демалыс тілейміз!



14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні



14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні. Бұл күнтізбедегі ең жас мерекелердің бірі. Дәл осы күні бүкіл әлемде кітап сүйер қауым бір-біріне кітап сыйлайды. Мұндай мереке 2012 жылдан бері тойланып келеді. Бұл күні адамдар бір-біріне кітап сыйлап, сол туралы әңгімелеп атап өтеді.

Кітап дүкендері мен кітапханаларда да арнайы шаралар ұйымдастырылады.

Осындай рухани мерекенің пайда болуына америкалық Эмми Бродмур есімді азамат себепкер болған. Ол өзі – үш баланың анасы әрі балаларға арналған кітаптар сайтының иесі. Бір күні одан кішкентай ұлы «Анашым, адамдар бір-біріне кітап беретін күн неге жоқ?» деп сұрайды. Баласының осы сұрағы Эммидің жаңа мерекені бастауына түрткі болады. Эмми Бродмур сол күні таныстары мен танымал адамдарға жазып, осы күнді насихаттауға кіріседі.



Дәл осы күні біз «Кітапханаға кітап сыйла» акциясын өткізді. Акцияға Қапшағай қ. «Балдәурен» РОСО қызметкерлері қатысты. Түрлі кітаптар сыйға тартылып, орталықтың кітапханашысы Набиева Шолпан Отарқызына табыс етілді.

Акцияның барлық қатысушыларына шын жүректен алғысымызды білдіреміз, соның арқасында кітапхана қорындағы кітаптар айтарлықтай толықтырылды. Олардың көпшілігі оқырмандарын тауып үлгерді.



«TEDx құпиялары» шебер сынып

Қапшағай қ. «Балдәурен» РСО «TEDxBaldauren» конференциясы аясында ұйымдастырушы-ұстаздармен, педагогтармен «TEDx құпиялары» атты шебер сынып өткізілді.



Кездесуде спикер болып арнайы шақырылған “Дарынды балаларға-талантты ұстаз” Республикалық педагогикалық олимпиадасының жеңімпазы, Ераділова Айдана Бақытқызы болды.

Педагогтар шебер сыныптан алған білімдерін ауысымдағы «TEDxBaldauren» конференциясында тиімді пайдаланатын болады.



«Олимп шыңы» спорттық мерекесі

Салауатты өмір салтын ұстанған орталығымыздың ең



қызық та, тартысқа толы маңызды іс-шарасының бірі «Олимп шыңы» атты 2 күнге созылған спорттық жарыстар өткізіледі. Сайыс барысында оқушылар ұйымшылдыққа,

шыдамдылыққа тәрбиеленеді. Балалар үшін ұйымдастырылған спорт ойындары «Үстел-үсті спорт түрлері», «Арқан тартыс», спорттық танымдық ойыны, «Жастар» мен «Балдәурендіктер» командасы арасындағы жолдастық кездесулер. Оқушыларымыз жекелей және топтық біріншіліктер бойынша өзара сынға түсіп, озық болғандарымыз марапатталды. Екі күнге созылған жарысымыз өз мәресіне жетіп, тартысқа толы өткен СМ ойындарымыздың жеңімпаздарын анықтап, жабылу салтанатында марапаттады. Осы ауысым жеңімпаздары кіші топтар арасында 2-топ, ұйымдастыру – ұстазы Жұмахан Бахыткелді және үлкен топтар арасында 8-топ, ұйымдастырушы – ұстазы Шертаева Маржан.



«Полиглот» зыяткерлік ойыны



18 ақпан күні «Полиглот» атты интеллектуалдық ойынын өтті. Ойынға сегізінші және тоғызыншы сыныптардың белсенділері қатысты.

Іс-шараның мақсаты – балалардың тіл үйренуге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру, бастамашылдық, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, оқушының белсенділігін қалыптастыру.

Ойын барысында әр топ қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгергендерін көрсетті.

Балалар барлық тапсырмаларды лайықты түрде орындап шығып викториналық сұрақтарға жауап беріп, тіл білу қабілетін көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша топтар арасында үздік ойыншылары анықталып, марапатталды.



«Патриотизм - жалынды жастардың қолында» Қазақстандық жас патриоттар Академиясының 6 жылдығы



«Патриотизм – жалынды жастардың қолында» атты Қазақстандық жас патриоттар Академиясының 6 жылдығына орай республикалық онлайн басқосу 21 ақпан күні болып өтті.

2016 жылы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы РМҚК-да Қазақстандық жас патриоттар Академиясы құрылды. «Академия күні» жыл сайын 22 ақпанда дәстүрлі өтеді. Қапшағай қ. «Балдәурен» РОСО Қазақстандық жас патриоттар Академиясының 6 жылдығына орай 21 ақпан күні «Патриотизм – жалынды жастардың қолында» тақырыбында республикалық онлайн басқосу өткізді. Онлайн басқосудың мақсаты: «Мәңгілік ел» жалпыхалықтық идеясы негізінде қазақстандық жас патриоттарды тәрбиелеу, рухани-адамгершілік, патриотизм бағытындағы атқарылған жұмыстарды насихаттау арқылы патриот балаларды қолдау.

Онлайн басқосуға «Балдәурен» РОСО-ның 4 орталығының өкілдері, Қазақстандық жас патриоттар Академиясының мүшелері, патриоттар, өзін-өзі басқару органдарының қатысушылары, балалар үйі мен балалар ауылының тәрбиеленушілері, директордың орынбасарлары, педагог-қызметкерлер, әдіскерлер қатысты.

Онлайн басқосудың салтанатты түрде ашылып, Қапшағай қаласы «Балдәурен» республикалық оқу – сауықтыру орталығы кешен басшысы Джалаева Ляззат Ахимбекқызы

қатысушыларды құтықтады.

«Жас патриоттар Академиясы - жарқын болашақ жолында» тақырыбында Қапшағай қаласы «Балдәурен» РОСО



бойынша атқарылып жатқан жұмыстар есебі, Академия



мүшелерінің іс –
тәжірибесі, Нұр-
Сұлтан қаласы №91
мектеп-гимназияның
9б сынып оқушысы,
мектептегі еріктілер
қозғалысының
жетекшісі, ЮНИСЕФ
еріктілер желісінің

мүшесі, «Ерекше мерекелер» қорының үйлестірушісі, Елбасы
медалы иегері Мурзагалиева Диана, Талдықорған қаласы
«Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушілері Веснина
Ирина, Хасен Асхат, Түркістан облысы, Арыс
қаласы Т.Тәжібаев атындағы жанұялық балалар үйі
тәрбиеленушілері Мадиярқызы Нұрайлым, Константинов
Рафаил, Шалбосынова Аяулым, Түркістан облысы, Төле би
ауданы Первомаевка ауылы, №2 балалар
үйі тәрбиеленушілері Өмірсерік Жанар, Өмірсерік
Жанерке патриоттық бағыттағы атқарған жұмыстарының іс –
тәжірибесін ұсынды. Онлайн басқосу қортындысы
шығарылып, белсенді балалар Академия қатарына
қабылданды.



«Birthday in Baldauren» туған күн иелеріне арналған концерт

Туған күн – ғажайып армандар мен жарқын үміттерге толы өмірдің жаңа бастамасы. Бұл күн күнтізбеде қызылмен



белгіленбеген туған күн иелеріне ғана ортақ мейрам болса да, әлемде осы күнге жетер тамаша күн жоқ. Себебі дәл

осы күн – біздің әлем сендермен толыққан күн. Ал бүгін міне 359 баламен бірге өз туған күніңді атап өткелі тұрсың. Бұның өзі бір бақыт. 2 - ауысым барысында өз туған күнін Балдәуренмен бірге тойлап отырған барша туған күн иелерін туған күндерімен құттықтаймыз. Таудай талап, мызғымас сабырлық, қайтпас жігер, таусылмас талант, тамаша табыс, керемет кішіпейілділік, жайдары көңіл, ұзақ өмір тілейміз! Жадырап-жайнап, күліп, ойнап, бақытты сәтті күнде тойлап жүргейсіңдер!



«30 жылдағы Қазақстан» пікірталас турнирі

«Дебат тек зияткерлік ойын емес, ол – сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, ақпаратты дұрыс талдауға, командамен бірлесіп жұмыс істеуге, сұрақ қойып, оларға нақты жауап беруге үйрететін білім беру технологиясы»

- деген болатын ҚР Білім және ғылым министрі А.Аймағанбетов. Осы орайда Қапшағай қаласы «Балдәурен» РОСО 2022 жылдың 2 ауысымын жас спикерлер мен дебатарлардың кездесуі форматында өткізіп



жатыр. Жоспарға сәйкес 22 ақпан күні «30 жылдағы Қазақстан» тақырыбында пікірталас турнирін тарих пәні мұғалімі Алдаберген Р. өткізді.

Демалушылар арасында мектепішілік дебаттық қозғалысты дамыту және насихаттау мақсатында өткен шараға ауысым мүшелері белсене қатысты. 9-сыныптар арасынан іріктеуден өткен 4 топ тартысқа түсті. «Алаш» тобы, құрамы: Серікқызы Сымбат, Тлеукул Адина, Мақсұт Арсен. «Ақ Орда» тобы, құрамы: Мукушев Ильяс, Көкенова Дияра, Әлдібай Таңжарық. «BaryStar» тобы, құрамы: Әмір Ханбибі, Батыр Ильяс, Қайырбекова Аружан. «Dream» тобы, құрамы: Сағатбек Әділ, Алпысбай Аяулым, Нұрдаулет Ерасыл. Эксперттер қай команданың өз позициясы дәлелдеуге сенімді екенін анықтады. Ойын ережелері мен регламенттің сақталуын бақылайтын таймкипер де болды. Нәтижесінде белсенді қатысқан балалар дипломдармен марапатталды.



«Біз ойнаймыз, балалар ойнайды» музыкалық ойын байқауы

Музыкалық ойын жалпы Балдәурен өмірінде ерекше



орын алады. Балалардың уақыты қызықты өту үшін күнделікті түрлі мерекелік іс-шаралар өткізілетін алдында ойындар ойнатылады немесе диско-фиеста кезінде түрлі музыкалық әуенге балалар қызыға билейді.



Солардың бірі ауысымда өткен музыкалық ойындар. Әсем әуенге би билеп, ойын ойнау балалардың көңіл - күйін көтеріп, керемет әсер қалдырады.

Осындай қызықты «Біз ойнаймыз, балалар ойнайды» атты музыкалық ойын байқауы өтті. Әр топ жаңаша нұсқада, креативті ойындарын көрермен назарына ұсынды. Көрермендер де жай отырмай, қосылып, қайталап ойнады. Байқау қорытындысы бойынша үлкен топтар арасында жеңіске 12 топ, ұйымдастырушы-ұстаз Абдимажит Мажит жеңіске жетсе, кіші топтар арасында 3 топ, ұйымдастырушы-ұстаз Молдамуратов Мади жеңіске жетті.



«Құқық.Тарих.Дінтану» білгірлер сайысы

Орталығымызда «Құқық.Тарих.Дінтану» білгірлері атты сайысы өтті. Сайыстың мақсаты оқушылардың білімдерін, ой ұшқырлықтарын байқау, дүниетанымын, тіл байлығын, шығармашылық қабілеттерін арттыру, сонымен қатар топпен бірлесе отырып өз ойларын еркін жеткізуге, білімдерін көрсете білуге үйрету. Сайысқа «Үш жүз», «Дарын», «Алашорда» және «Ақ Орда» атты төрт топ жарысқа түсті. Қатысушылар өз Отанын сүйетін, өз туған тарихын, тілін, дінін құрмет тұтатын нағыз көшбасшылар сайысы болды. Бұл сайыста балалар Тарих, дінтану және құқық пәндерінен алған білімдерін ұштастыра отырып, өздерінің туған тарихына мен дініне деген перзенттік парызын айтып, көрсетті.



Сайыс нәтижесі бойынша «Ақ орда» тобы жеңіске жетіп, белсенді қатысқан балаларға марапаттаулар тапсырылды!



“Жарқын жүздесу” сұхбат - кездесу



2022 жылдың 2 ауысым аясында өткен “Жарқын жүздесу” атты сұхбат-кездесу өтті. Сұхбатымыз ғасырға жуық тарихы бар Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің студенттері жаңа ғасырдың жалынды жастарымен өтті.

Қонақтарымыз ақындық жолды, өз ойын еркін айтып тартысқа қажет маңызды дағды жылдам оқуды, табиғаттың тамаша суретін, қиялдық шеберлігін суретпен дәлелдейтін суретші ортамызда қонақ болып келді.

Нақтырақ танысып кетсек, құрметті қонақтарымыз болып Әділбек Исламбек - жылдам оқу шебері, Абашов Айбол-баспагер, жас ақын, Тасқұл Талғат – пікірсайысшы және Канленов Медет - суретші болды.

Кездесу барысында қонақтарымыз балалардың қойған әр-түрлі сұрақтарына

жауап берді.

Балалар бұл кездесуден өздерінің танымдарын одан әрі кеңейтті деген сенімдеміз.

«TEDxBALDAUREN» конференциясы



20 - жылдық тарихы бар Балдәуренде бұл жоба алған рет өткізілді. Бұл әрине тамаша тарихи сәт болары сөзсіз. Қапшағай қаласындағы Балдәуренде өткен осы бір жаңа бастамасы 2-ауысым қатысушыларынан бастау алды.

Балдәуренде өткізілген TEDxBALDAUREN конференциясының негізгі мақсаты болып – оқушыларға сөйлеу дағдыларын дамытуға, аудитория алдында қорқынышын жеңуге, инновациялық идеялармен бөлісуге, осылайша басқа да спикерлерге үлгі болуға мүмкіндік жасау.

TED сегізінші және тоғызыншы сыныптар арасында өткізілді. Тоғызыншы сыныптардан он бала тартысқа түссе, сегізінші сыныптар арасында тоғыз бала қатысты. Қатысушылар қызықты тақырыптардағы өз ойларын қазақ, орыс тілдерінде ортаға салды.

Шара еркін форматта өтіп, әр спикерге берілген тақырыпта ойлар жастармен бірге талқыланды. Спикерлер де өз саласында белгілі бір жетістіктерді бағындырып, жауапты қызмет атқарып отырғаны белгілі. Конференцияның нәтижесінде лайықты жүлделі орындар сыйлықтармен бірге марапатталып табысталды. Сегізінші сыныптар арасында Жолдыбаева Алина 8 «Е» оқушысы және Жарболова Ақбаян 9 «Г» сынып оқушысы Бас жүлде иеленді.

Сөйлеушілердің мағыналы әрі қызықты әңгімелері арқасында, сонымен қатар олардың өзіндік ерекше форматтағы идея таныстырылымдары TEDx конференциясы тыңдаушыларын шабыттандырып, терең ой салды.



«Балдәурен ертегілер елінде» ертегілер байқауы

Орталығымызда «Балдәурен ертегілер елінде» ертегілер байқауы өтті. Әр отряд ұйымдастырушы - ұстаздардың көмегімен жеке нөмір дайындады. Балалар башқұрт, неміс, орыс, қазақ және т.б. ертегілерінен тандап қойған болатын. Байқау нөмірлерін қазылар алқасы критерийлер бойынша әділ бағалады.

Байқаудың Бас жүлдесін үлкен топтар арасында 9 топ ұйымдастырушы-ұстаз Сейтқали Мейірім және сегізінші сыныптар арасында 1 топ ұйымдастырушы - ұстаз Талханбай Айтолқын иеленді.



2022 жылғы 2 - ауысымның жабылу салтанаты



Міне, 20 күнге созылған 2021 жылдың 2 - ауысым да өз мәресіне жетті. «Discussion club» жас спикерлер мен дебатерлардың кездесуі атты ауысымның жабылу салтанаты өтті. Балалардың арман аралы – «Балдәурен» бүгінде әр баланың өмірінен өз

еншісін алып та үлгерді. Ауысым бойы түрлі танымдық-зияткерлік ойындар, қызыққа толы іс-шаралар, ұмытылмас кештер болып өтті. Ауысымның жабылу салтанатында 20 күн бойы топ ішінен белсенділігін көрсетіп, озат болған достарымыз марапатталды. Топ белсенділерімен қатар, «Балдәуреннің» алдыңғы қатарлы көшбасшылары ретінде өзін-өзі басқару ұйымы да жұмыс атқарған болатын, сол ұйымның мүшелері де алғыс хатпен марапатталды. Өз Отанының патриоты бола білген, ел мерейін үстем қылар балаларға арналған «Қазақстандық жас патриоттар Академиясы» құрамына лайықты деп танылған балаларымыз анықталып, ұйым мүшесі болып қабылданып, марапатталды.



«See you, Baldauren» гала-концерт

Орталықта ұйымдастырылған барлық іс – шаралар балалардың көңілінен шығу мақсатында жасалған болатын. Сол себепті әр концерт, әр кеш балалардың



есінде ұзақ сақталады деген сенімдеміз. Гала концерт ауысымның соңғы концерті болып табылады. Бұл жерде демалыс барысында

қатысқан үйірмелерінің қорытынды сертификатымен марапатталды. Қорытынды кешіміз 20 күн бойы қызығушылық үйірмелерінен үйренген ән-биімен, көңілді көріністерін ортаға салды. Ауысым барысында

өзін жан-жақты көрсете білген оқушыларымыз алғыс хаттармен марапатталды. Балалардың айтар алғысы мен рахметтері көп.





baldauren

Мекен-жайымыз: 040800, Алматы облысы, Қапшағай су қоймасының солтүстік-батыс жағалауы, Қапшағай қ.

«Балдәурен» РОО

Байланыс телефон: 8(72772) 5-02-55, 5-02-50

Электронды пошта: kapshagay.baldauren@mail.ru